Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қызмет көрсету саласының колледжі» КМҚК

КЕЛІСІЛДІ
Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қызмет көрсету саласының
колледжі» КМҚК бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрағасы
_____ Е.А Бимаганбетов.
2026 ж. «01» 09

БЕКІТЕМІН
Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қызмет көрсету саласының
колледжі» КМҚК
директоры
_____ Д.Б. Жанарстанова
2026 ж. «__» _____

КОЛЛЕДЖДІҢ ҒИМАРАТТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫСЫНА АРНАЛҒАН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы нұсқаулық ҚР Еңбек кодексіне, еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік актілерге сәйкес әзірленген және колледждің ғимараттарға қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы үшін орындауға міндетті болып табылады.
1.2. Бұл нұсқаулықтың мақсаты – жұмысшының қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу, сондай-ақ ғимараттарға қызмет көрсету және оларды жөндеу жұмыстарын тиімді орындау.
1.3. Ғимараттарға қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы лауазымына міндетті медициналық тексеруден, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша кіріспе нұсқамадан өткен, сондай-ақ осы нұсқаулықпен танысқан тұлғалар жіберіледі.
1.4. Жұмысшы колледждің еңбек тәртібі ережелерін, еңбекті қорғау талаптарын, санитариялық-гигиеналық нормалар мен өртке қарсы ережелерді сақтауға тиіс.
1.5. Осы нұсқаулықтың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік ҚР заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Жұмыс басталғанға дейінгі қауіпсіздік талаптары

2.1. Жұмысты бастар алдында жұмысшы еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және алғашқы көмек көрсету бойынша нұсқамадан өтуі тиіс.
2.2. Жұмыс орнының, құрал-саймандар мен жабдықтардың жағдайын, соның ішінде барлық қажетті құралдардың, материалдардың және қорғаныс құралдарының бар екенін тексеру.
2.3. Күндізгі жұмыс жоспарымен, сондай-ақ объектілерге қызмет көрсету және жөндеу бойынша техникалық құжаттамамен және нұсқаулықтармен танысу.
2.4. Алғашқы көмек көрсету құралдарының ақаусыздығына, сондай-ақ өртті шұғыл сөндіру құралдарының (өрт сөндіргіштер) бар екеніне және жұмысқа қабілеттілігіне көз жеткізу.

2.5. Жұмыс орнын әлеуетті қауіп көздерінің (мысалы, зақымдалған едендер, ақаулы жарықтандыру, тайғақ беттер) бар-жоғына тексеру және қажет болған жағдайда оларды жою.
2.6. Егер қажет болса, жұмыстар жүргізілетін аймақтың қоршалғанына немесе ескерту белгілерімен белгіленгеніне көз жеткізу.
2.7. Егер алдағы жұмыстар білім алушылар мен қызметкерлердің қауіпсіз қолжетімділігіне әсер етуі мүмкін болса, бұл туралы педагогтер мен персоналға хабарлау.
2.8. Қорғаныс құралдарының бар екеніне көз жеткізу: қолғаптар, қорғаныш көзілдіріктері, каска, сақтандыру белдіктері (егер жұмыс биіктікте жүргізілсе).
2.9. Егер жұмыс химиялық заттарды (бояулар, еріткіштер, желімдер) пайдаланумен байланысты болса, оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықпен танысу және жеке қорғаныс құралдарын пайдалану.
2.10. Жоспарланған жұмыстардың тіреуіш конструкциялардың, жылыту, сумен жабдықтау, кәріз немесе электр желілері жүйелерінің тұтастығын бұзмайтынына көз жеткізу.
2.11. Егер жұмыс коммуникацияларды ажыратуды қамтыса (су, электр энергиясы), мұны әкімшілікпен келісу және персоналды алдын ала ескерту.
2.12. Жұмысты тек денсаулығы жақсы, шаршамаған немесе еңбек қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін басқа факторлар болмаған жағдайда ғана бастау.
2.13. Жабдықтың ақаулары немесе қауіпсіздікке қатер төндіретін басқа факторлар анықталған жағдайда бұл туралы әкімшілікке дереу хабарлау және оларды жою бойынша шаралар қабылдау.

3. Жұмыс уақытындағы қауіпсіздік талаптары

3.1. Жұмыс уақытында жұмысшы алынған нұсқаулар мен еңбекті қорғау ережелерін басшылыққа алуы тиіс.
3.2. Белгіленген еңбек және тынығу режимін сақтау, шамадан тыс шаршауға жол бермеу.
3.3. Жұмысты орындау кезінде алаңдамау және басқа қызметкерлерді алаңдатпау.
3.4. Студенттердің болуын қадағалау және олардың жұмыс аймағының жанында болуын болдырмау.
3.5. Құралдар мен жабдықтармен жұмыс істеген кезде тек ақаусыз құралдар мен жабдықтарды пайдалану.
3.6. Электр құралдарымен сымдар мен ащаның оқшаулауы ақаусыз болған жағдайда ғана жұмыс істеу. Қосулы тұрған құралдарды қараусыз қалдырмау.
3.7. Жұмыс аяқталғаннан кейін электр жабдығын желіден ажырату. Ақауы бар немесе қолдан жасалған құрылғыларды пайдаланбау.
3.8. Биіктікте жұмыс істеген кезде тек ақаусыз сатыларды, баскыштарды немесе тіреуіштерді пайдалану. Сатыларды тегіс және тұрақты бетке орнату.
3.9. 1,8 метрден астам биіктікте жұмыс қажет болған жағдайда сақтандыру белдіктерін пайдалану.
3.10. Білім алушылар мен басқа қызметкерлердің жұмыс аймағының астында болуына тыйым салу.
3.11. Химиялық заттармен (бояулар, еріткіштер, желімдер және т.б.) жұмыс істеген кезде желдетілетін үй-жайда жұмыс істеу. Жеке қорғаныс құралдарын (қолғаптар, респираторлар, көзілдіріктер) пайдалану.

3.12. Химиялық заттардың теріге, шырышты қабаттарға немесе тыныс алу жолдарына түсуіне жол бермеу.
3.13. Студенттердің химиялық заттар мен пайдаланылатын материалдарға қол жеткізуін болдырмау.
3.14. Жұмыс орнында тәртіпті сақтау, қоқысты, материалдардың қалдықтарын және құралдарды уақтылы жинау.
3.15. Құралдардың құлауын болдырмау үшін олардың қауіпсіз орналасуын қамтамасыз ету.
3.16. Электр құралдарын пайдалану кезінде олардың ақаусыздығын қадағалау және қызып кетуге жол бермеу.
3.17. Тез тұтанатын материалдарды жылу көздерінің немесе ашық оттың жанында қалдырмау.
3.18. Әкімшілікпен келісімінсіз үй-жайда ашық отты пайдаланбау. Жұмыс орнының жанында өрт сөндіру құралдарын (өрт сөндіргіш, құм) ұстау.
3.19. Студенттердің жұмыс аймағында болуын немесе құралдар мен материалдарға қол жеткізуін болдырмау.
3.20. Орындалатын жұмыстарға байланысты ыңғайсыздықтар (шу, қолжетімділікті шектеу) туралы педагогтерді немесе персоналды алдын ала ескерту.

4. Апатты жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары

4.1. Өрт белгілері (түтін, күйік иісі) анықталған кезде бұл туралы колледж әкімшілігіне дереу хабарлау және өрт сөндіру қызметін шақыру.
4.2. Егер өрт ошағы шағын болса және өмірге қауіп төндірмесе, бастапқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіштер, су, құм) отты сөндіруге кірісу.
4.3. Эвакуациялау жоспарына сәйкес студенттер мен персоналды қауіпсіз жерге эвакуациялау. Оттың таралуын болдырмау үшін терезелер мен есіктерді жабу.
4.4. Газ аққан кезде жұмысты дереу тоқтату және барлық адамдарды үй-жайдан эвакуациялау. Әкімшілік пен газ қызметіне хабарлау. Ашық отты, электр приборларын немесе ажыратқыштарды пайдаланбау. Егер бұл қауіпсіз болса, терезелер мен есіктерді ашып, үй-жайды желдету.
4.5. Мәселе шешілгенге дейін ағу орнынан қауіпсіз қашықтықта болу.
4.6. Электр желісінде ақаулық анықталған кезде (ұшқындар, қысқа тұйықталу) жабдықты желіден дереу ажырату және жауапты тұлғаға хабарлау.
4.7. Мамандар ақаулықты жойғанға дейін сымдар мен электр приборларына тиіспеу.
4.8. Жарақат алған жағдайда (кесіп алу, көгеріп қалу) жұмысты дереу тоқтату, алғашқы көмек көрсету және қажет болған жағдайда дәрігерге көріну.
4.9. Конструкциялардың құлау қаупі төнген кезде жұмысты дереу тоқтату және адамдарды қауіпті аймақтан шығару. Әкімшілікке хабарлау және студенттер мен персоналдың эвакуациясын ұйымдастыру.
4.10. Ықтимал құлау аймағынан тыс жерде болу және мамандардың келуін күту.

5. Жұмыс аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары

5.1. Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орнын ретке келтіру, құралдар мен материалдарды өз орындарына жинау.

5.2. Сырғануды немесе жарақаттануды болдырмау үшін жұмыс аймағын құрылыс және басқа да қалдықтардан тазарту.
5.3. Барлық жабдықтың өшірілгеніне көз жеткізу және жалпы тазалау жүргізу.
5.4. Егер жұмыстар кейіннен араласуды талап етсе (мысалы, жөндеуді аяқтау қажет болса), келесі ауысым үшін жұмыс орны мен материалдарды дайындау.
5.5. Егер жұмыстар жалғасатын болса, аяқталған және аяқталмаған жұмыстар туралы ақпаратты басшылыққа немесе басқа қызметкерге беру.
5.6. Барлық терезелер мен есіктердің жабық екеніне, жабдық өшірілгеніне және үй-жайдың күзетке қоюға дайын екеніне көз жеткізу (егер бұл колледждің ішкі ережелерінде көзделген болса).

6. Жауапкершілік

6.1. Ғимараттарға қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
6.2. Еңбекті қорғау жөніндегі міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жұмысшы салдарының ауырлығына байланысты тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.
6.3. Жұмысшы колледж жұмысына қатысты ақпараттың құпиялылығын сақтауға және оны үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндетті.